

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп" нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 285 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 тамызда № 33242 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп" нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 1 тамыздағы
№ 285 бұйрығымен
бекітілген
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне
Әкімшілік деректердің нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп

2	мен қамтылған суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі												
3	Дренажы бар суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемі												
4	Суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы көлемінен пайдаланылмады, барлығы												
	Оның ішінде : Топырақтың тұздану немесе батпақ												

13	жоғары													
----	--------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы								
Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау	Шымкент	Алматы	Астана	Жалпы республика бойынша
13	14	15	16	17	18	19	20	21

3-тарау. Жерасты суларының минералдануы бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы мәліметтер

мың гектар

Код (шифр)	Жерасты суларының минералдануы, грамм/литр	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы											
		Абай	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Жетісу	Батыс Қазақстан	Қарағанды	Қызылорда	Қостанай
A	B	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
14	1,0-ге дейін												
15	1,0-3,0												
16	3,0-5,0												
17	5,0-ден жоғары												

Кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы								
Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау	Шымкент	Алматы	Астана	Жалпы республика бойынша
13	14	15	16	17	18	19	20	21

4-тарау. Суландыру суларының минералдануы бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы мәліметтер

мың гектар

Суландыру суларының	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы												
						Шығыс							

Код (шифр)	минералдануы грамм/литр	Абай	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Қазақстан	Жамбыл	Жетісу	Батыс Қазақстан	Қарағанды	Қызылорда	Қостанай
А	В	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
18	1-ге дейін												
19	1,0-3,0												
20	3,0-ден жоғары												

Кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы								
Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау	Шымкент	Алматы	Астана	Жалпы республика бойынша
13	14	15	16	17	18	19	20	21

5-тарау. 0-100 сантиметр қабаттағы топырақтың тұздану дәрежесі бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы мәліметтер

мың гектар

Код (шифр)	Топырақтың тұздану дәрежесі	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы											
		Абай	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Шығыс Қазақстан	Жамбыл	Жетісу	Батыс Қазақстан	Қарағанды	Қызылорда	Қостанай
А	В	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
21	Тұзданбаған												
22	Әлсіз тұзданған												
23	Орташа тұзданған												
24	Күшті тұзданған												
25	Өте күшті тұзданған												

Кестенің жалғасы

36	рлықсыз												
37	оның ішінде : жерасты суының деңгейі шектен тыс жоғарылығы												
38	топырақтың тұздануы												
39	жерасты суының деңгейі шектен тыс орналасуы және топырақтың тұздануы												
40	жер бетінің жоғары еңістігі (0,05-тен жоғары)												

Кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы									
Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау	Шымкент	Алматы	Астана	Жалпы республика бойынша	

48	тұзды жерлерді биологиялық мелиорациялау												
49	танаптарды күрделі жоспарлау												
50	еңісі 0,05-тен жоғары жерлерде эрозияға қарсы іс-шаралар												

Кестенің жалғасы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы								
Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Түркістан	Ұлытау	Шымкент	Алматы	Астана	Жалпы республика бойынша
13	14	15	16	17	18	19	20	21

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасының мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, телефоны _____

Басшы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, телефоны _____

Мөрдiң орны _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп"

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Суармалы жерлердің мелиорациялық кадастры туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды. Нысан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау бойынша функцияларды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік мекемелерінің деректері бойынша қалыптастырады.

2. Нысанды толтыру мақсатында мынадай анықтамалар қолданылады:

- 1) жерасты сулары – бірінші суға төзімді қабатта орналасқан жер бетінен бірінші тұрақты сулы горизонттың гравитациялық жерасты сулары;
- 2) жерасты суларының минералдануы – жерасты суларында тұздардың мөлшері;
- 3) жердің мелиорациялық жай-күйі – топырақ-гидрологиялық жағдайлардың және топырақ жамылғысының жай-күйінің егістіктер, ормандар және басқа екпелер үшін қолайлы су режимін құруға уақтылы және сапалы пайдалану талаптарына сәйкестігін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен қызметі;
- 4) топырақтың тұздануы – барлық профилінде немесе оның бөлігінде өсімдіктерге зиянды мөлшерде оңай еритін минералды тұздары бар топырақтар;
- 5) тұздық түсірілім – сілтісіздендіру карталарын жасау, басқа да тұзды мелиорациялау қажеттілігін анықтау және суару мен сілтілеу кезінде тұздылықты бақылау мақсатында кез келген аумақта тұздардың таралуын зерттеу.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-жолда гидрогеологиялық және мелиорациялық бақылаулар нәтижелері бойынша және агро-мелиорациялық зерттеулер бойынша олардың мелиорациялық жай-күйі туралы ақпарат алу үшін мелиорациялық мониторинг жүргізілетін есепті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолда бар суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданы көрсетіледі;

Есепті жылы айналымға енгізілген жаңа суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары келесі жылы мелиорациялық мониторингпен қамтылады.

4. 2-жолда суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының тұздануға ұшыраған алаңдары және (немесе) тұзданған жерлер көрсетіледі, оларда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14227 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мелиорациялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін мемлекеттік жүргізу қағидаларына сәйкес суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының зерттеп-қаралатын алаңдарының сортаңдану химизмінің дәрежесі мен типін белгілеу бойынша тұздық түсірілім, сорланған жерлердің кеңістікте таралуы жүргізіледі.

5. 3-жолда дренажы бар суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары көрсетіледі, олар туралы мәліметтер гидромелиорациялық жүйелерді салу немесе реконструкциялау жобаларына сәйкес анықталады.

6. 4, 5, 6, 7-жолдарда суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының пайдаланылмаған алаңдары, барлығы және оның ішінде топырақтың тұздану немесе батпақтану себептері, жерасты суының жоғарылығы себептері және судың жетіспеушілігі бойынша көрсетіледі, олар туралы мәліметтер агро-мелиорациялық зерттеулердің деректеріне сәйкес анықталады.

Агро-мелиорациялық зерттеу кезінде суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының пайдаланылмаған алаңдарды егістік алқаптарын көзбен шолып тексеру (оларды жұмыс карталарына енгізе отырып) арқылы анықталады, олар бұдан әрі суармалы жерлерді пайдалану (оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша) және пайдаланбау (оның ішінде топырақтың тұздану немесе батпақтану себептері, жерасты суының жоғарылығы себептері және судың жетіспеушілігі) жөнінде жасалған актілермен расталады.

7. 8, 9, 10, 11, 12, 13-жолдарда гидрогеологиялық байқаулар жүргізу нәтижелері (вегетациялық кезеңдегі орташа көрсеткіштер) бойынша анықталатын жерасты суларының орналасу деңгейі бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

8 және 9-жолдарда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары топырақ түзудің гидроморфты режимі бар жерлерге жатады, онда жерасты суларының орналасу деңгейі (0-1,5 метр) қолайсыз (шекте) болып саналады. Жерасты суларының гидроморфты режимінде топырақтың тамыр қабаты батпақты болып, оның сулы-физикалық, ауа және жылу режимі бұзылады, бұл дақылдардың өсуіне және дамуына теріс әсер етеді. 10, 11 және 12, 13-ші жолдарда қалған суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының жерлері топырақ түзудің жартылай гидроморфты және автоморфты режимі бар жерлерге жатады, бұндай жерлердің жерасты сулардың орналасу деңгейі қолайлы (оңтайлы) болып саналады.

8. 14, 15, 16, 17-жолдарда жерасты суларына зертханалық талдауларының нәтижелері (вегетациялық кезеңдегі орташа көрсеткіш) бойынша анықталатын жерасты суларының минералдануы бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

16 және 17-жолдарда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары жерасты суларының минералдануы жоғары (3,0 грамм/литр және одан көп) жерлерге жатады. Гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақ түзілу жағдайында жерасты суларындағы тұздардың осындай жоғарылауымен топырақтың тамыр қабатының қайталама тұздануы жүреді.

9. 18, 19, 20-жолдарда суармалы судың зертханалық талдауларын жүргізу нәтижелері бойынша анықталатын суармалы судың минералдануы бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

20-жолда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары минералдануы жоғары жерлерге жатады (3,0 грамм/литр және одан көп), оларды пайдалану кезінде топырақтың тамыр жайылатын қабатында қайта сортаңдану жүреді.

10. 21, 22, 23, 24 25-жолдарда топырақты-мелиорациялық (тұзды түсіру) жұмыстарының нәтижелері бойынша анықталатын топырақтың сортаңдану дәрежесі бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

23, 24, 25-жолдарда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары тұздану дәрежесі жоғары жер санаттарына жатады, мұнда өсірілетін дақылдар қатты қысымға ұшырайды.

11. 26, 27, 28, 29, 30-жолдарда топырақ-мелиорациялық (тұзды түсіру) жұмыстарының нәтижелері бойынша анықталатын топырақтың сортаңдану дәрежесі бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

26, 27, 28, 29, 30-жолдарда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңдары сортаң топырақтары бар құнарсыз немесе құнарлығы аз жерлермен толтырылады, онда өсімдіктердің шығуы екіталай және 23, 24, 25-жолдарда көрсетілген жерлермен салыстырғанда оларды суландыру және игеруге қиын.

12. 31, 32, 33, 34, 35-жолдарда агро-мелиорациялық (жер бетіндегі еңістерді зерттеу) жұмыстарының нәтижелері бойынша алынған жер үсті еңістері бойынша суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бөлу туралы деректер көрсетіледі.

32 және 33-жолдарда көрсетілген суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының алқаптары, жоғары еңісі бар жер санаттарына жатады және су эрозиясына ұшырайтын, суару техникасы және (немесе) технологиясы сақталмаған кезде топырақтың құнарлы (қарашірік) қабаты мен минералдық тыңайтқыштар шайылып кетеді (топырақ эрозиясы), бұл жердің тозуына әкеп соғады.

13. 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40-жолдарда осы Түсіндірмеге қосымшада көрсетілген суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштермен нақты көрсеткіштерді салыстыру арқылы айқындалатын суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының олардың мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі алаңдары көрсетіледі

14. 41, 42, 43, 44-жолдарда су шаруашылығы және агротехникалық мелиорациялық іс-шараларды жүргізуге жататын суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының

алаңдары көрсетіледі. 41, 42, 43-жолдарда көрсетілген алаңдарда коллекторлық-дренаждық жүйелерді қалпына келтіру арқылы суландыру жүйелерінде сүзілуге қарсы іс-шараларды өткізу және аумақтық кәрізделгендікті жақсарту есебінен жерасты суларының сіңбе суларын төмендетуге жағдай жасайтын суландыру және коллекторлық-дренаждық жүйелерді кешенді реконструкциялауды көздейтін, кешенді су шаруашылығы мелиорациялық іс-шараларды орындау қажет.

15. 47, 48, 49, 50-жолдарда көрсетілген алаңдарда топырақтың сортаңдануы орташа, қатты және өте қатты дәрежеге сәйкес болған шекарада жерлерді күрделі шаюды (45-жол), сондай-ақ әлсіз және орташа дәрежеге дейін сортаңданған жерлерде эксплуатациялық шаюды (46-жол) көздейтін агротехникалық мелиорациялық іс-шараларды орындау қажет. 47, 48-ші жолдарда жерасты суларының терең орналасумен орташа және қатты сортаңданғандар топырақ химиялық және биологиялық мелиорацияны қажет ететін алаңдар көрсетіледі.

16. 49-жолда күрделі жоспарлауды қажет ететін, суару кезінде суаратын судың және тиісінше суару қарығы бүкіл ұзындығы бойынша ылғалдың біркелкі бөлінбеуі анықталған алаңдар көрсетіледі.

17. 50-жолда топырақтың құнарлы қабатын және минералды тыңайтқыштарды тиісінше шаюдың су эрозиясын болдырмау мақсатында эрозияға қарсы іс-шараларды ұдайы сақтау қажет алаңдар көрсетіледі. Мұндай іс-шараларға үстіңгі қарық суару техникасының оңтайлы элементтерін тағайындау (бороздардың ұзындығы, суару ағыны) немесе суарудың заманауи су үнемдейтін технологияларын енгізу жатады.

18. Нысанды толтыру кезінде жолдар арасында мынадай бақылау арақатынасын сақтау қажет:

- 1) 2-жол 1-жолдан кіші немесе оған тең;
- 2) 3-жол 1-жолдан кіші немесе оған тең;
- 3) 4-жол 5, 6, 7-жолдардың сомасына тең;
- 4) 1-жол 8, 9, 10, 11, 12, 13-жолдардың сомасына тең;
- 5) 1-жол 14, 15, 16, 17-жолдардың сомасына тең;
- 6) 1-жол 18, 19, 20-жолдардың сомасына тең;
- 7) 1-жол 21, 22, 23, 25-жолдардың сомасына тең;
- 8) 1-жол 26, 27, 28, 29, 30-жолдардың сомасына тең;
- 9) 1-жол 31, 32, 33-жолдардың сомасына тең немесе одан кем;
- 10) 1-жол 34, 35, 36-жолдардың сомасына тең;
- 11) 36-жол 37, 38, 39, 40-жолдардың сомасына тең;
- 12) 40-жол 42, 43-жолдардың сомасына тең;
- 13) 44-жол 45, 46, 47, 48, 49, 50-жолдардың сомасына тең;
- 14) 41-жол 36-жолға тең.

мелиорациялық кадастры
туралы есеп" нысаннын толтыру
бойынша түсіндірмеге
қосымша

Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер

№	Мелиорациялық жай-күйі	Жерасты суларының режимі және олардың минералдануы	Топырақтың тұздану және сортаңдану дәрежесі	Жер бетінің еңісі	Қажетті мелиорациялық іс-шаралар жіберіледі
1	Жақсы	Жерасты суының автоморфты режимі тереңдігі 3 метр және одан төмен, тұздылығы 3,0 грамм/литрға дейін /	Тұзданбаған топырақ	0,005 дейін	Жердің қазіргі мелиорациялық жай-күйін сақтауға
2	Қанағаттанарлық	Жерасты суының жартылай гидроморфты режимі тереңдігі 2-ден 3 метрге дейін және тұздылығы 3-тен 5 грамм/литрға дейін	Әлсіз тұзданған топырақ	0,005-тен 0,05-ке дейін	Жерасты суының деңгейін 3 метрден төмендетуге, топырақтың тұздануын жоюға және жердің жақсы мелиорациялық жай-күйіне қол жеткізу үшін эрозияға қарсы іс-шаралар
3	Қанағаттанарлықсыз	Жерасты суының гидроморфты режимі тереңдігі 0-ден 2 метрге дейін және тұздылығы 5 грамм/литрден жоғары	Орташа, күшті, сортаңданған, сортаң, күшті және өте күшті тұзданған топырақтар	0,05-тен астам	Жерасты суының деңгейі мен тұздылығын төмендетуге, топырақтың тұздануы мен сортаңдануын жоюға және эрозияға қарсы іс-шаралар